

Ырғыз ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 184 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Ырғыз аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 25 желтоқсанда № 3-5-202 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 175 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 04.09.2020 № 175 қаулысымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 - баптарына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529-бабының 6-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ырғыз ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Ырғыз ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ырғыз аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Ырғыз ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ырғыз ауданы әкімінің орынбасары Н . Қызбергеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 4 тармаққа өзгеріс енгізілді – Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 15.03.2019 № 44 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Аудан әкімі

М. Елеусізов

КЕЛІСІЛДІ:

"Ырғыз ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық

Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

| № | Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері | Аймақ коэффициенті |
|----|--|--------------------|
| | Ырғыз ауданы | |
| | Ырғыз ауылдық округі | |
| 1 | Ырғыз ауылы | 2,35 |
| 2 | Ақши ауылы | 2,25 |
| 3 | Қалыбай ауылы | 2,25 |
| 4 | Қалалыкөл ауылы | 1,8 |
| | Аманкөл ауылдық округі | |
| 5 | Құतिकөл ауылы | 2,25 |
| 6 | Аманкөл ауылы | 2,25 |
| 7 | Жарма ауылы | 2,1 |
| | Қызылжар ауылдық округі | |
| 8 | Құрылыс ауылы | 2,25 |
| 9 | Жаныс би ауылы | 2,1 |
| 10 | Шеңбертал ауылы | 2,1 |
| | Құмтоғай ауылдық округі | |
| 11 | Құмтоғай ауылы | 2,25 |
| 12 | Қарасай ауылы | 2,1 |
| 13 | Қарақұдық ауылы | 2,2 |
| | Нұра ауылдық округі | |
| 14 | Нұра ауылы | 2,2 |
| 15 | Белшер ауылы | 2,1 |
| 16 | Дүкен ауылы | 2,1 |
| 17 | Мамыр ауылы | 2,1 |
| | Тәуіп ауылдық округі | |
| 18 | Құйлыс ауылы | 2,2 |
| | Жайсаңбай ауылдық округі | |
| 19 | Жайсаңбай ауылы | 2,15 |